Балалар-дың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

ЦИКЛОГРАММА

І апта қараша 2021ж
Мектепалды даярлық « Балауса»тобы

01.11-05.11. 2021ж **Өтпелі тақырып: Дені саудың – жаны сау**
Тақырыпша. «Өзім туралы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.11	Сейсенбі 02.11	Сәрсенбі 03.11	Бейсенбі 04.11	Жұма 05.11
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме-лесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека №2 «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»** **Мақсаты:** Түстер туралы ұғымдарын кеңейту	**Картотека №3 «Жыл мезгілдері»** **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.	**Картотека №7 «Нан дастарханға қалай келеді?»** **Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	**Картотека № 5 «Жануарларды өз мекеніне орналастыр»** **Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.	**Картотека № 8 «Бұл қандай құс?»** **Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу
	ҚАТЫНАС САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН				
Таңертеңгі гимнастика	**Қараша айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.** **Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. **Артикуляциялық жаттығу** «тәтті тосап», «түтікше», «жылан». **3.Тыныспен жұмыс** «Сұңғуір» жаттығуы				
	4.Саусақ жаттығуы «Сақина,массаж»				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Мен кіммін? **Мақсаты:** Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту,өзін құрметтеуге тәрбиелеу. **ҰОҚ өтілу барысы:** **1.Шаттық шеңбер** **Е. Өтетілеуұлы** Бала,бала,баламыз Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз Біз баламыз шыныққан, Денсаулығы мықты жан. **2. Акт. Суретпен жұмыс** -Екі баланы салыстыру. -Өзін-өзі күту деген не? -Тазалық таза баланың досы дегенді қалай түсінеміз? -Сен қандайсың, өзіңе сипаттама бергенде неден бастаймыз? **Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап»** Қайсысы саған ұқсайды. Балалардың қайсысы жақсы деп ойлайсың? **Сергіту сәті.** Бас, иық ,тізе, саусақ, Бас , иық,тізе, саусақ, (көрсету) Саусақ,саусақ,саусақ.(сау сақпен сартылдату) Бас, иық ,тізе, саусақ, Бас , иық,тізе, саусақ, Көз ,мұрын ,көз , мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін, (Жылдамдатып тез тез қайталау)	**1.Денешынықтыру** «Екі шеңберге тұру,бір орында тұрып жан-жаққа секіру бұрылу». Балаларға екі бағанды құруға үйрету; 1 минутқа дейін үздіксіз жүгіру кезінде жаттығу; гимнастикалық орындықта бүйір баспалдақпен жүруді үйрету; баулардан секіріп, доп лақтыруға жаттығу. 1. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1 - оңға қарай адымдап, бүйірлер арқылы қолдар; 2 бастапқы қалыпқа оралу. Солға сол. 2. б.қ.: Аяқтар бөлек, қолдар белде. 1 - оңға, сол қолмен бастың артына еңкейту; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. Басқа бағытта да сол. 3. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1-2— - отырыңыз, қолыңызды алға қойыңыз; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу. 4. б.қ.: Аяқтарды бірге отыру, қолдар артынан тіреу (түзу). 1 - түзу аяқтарды жоғары және алға көтеру - «бұрыш» (иықтарды теспеңіз); 2 - бастапқы қалыпқа оралу. 5. б.қ.: Тізе бүгіп, қол белде. 1 - денені оңға бұру, оң өкшемен сол өкшеге тигізу; 2 -	**1.Денешынықтыру** «Екі шеңберге тұру,бір орында тұрып жан-жаққа секіру бұрылу». Балаларға екі бағанды құруға үйрету; 1 минутқа дейін үздіксіз жүгіру кезінде жаттығу; гимнастикалық орындықта бүйір баспалдақпен жүруді үйрету; баулардан секіріп, доп лақтыруға жаттығу. 1. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1 - оңға қарай адымдап, бүйірлер арқылы қолдар; 2 бастапқы қалыпқа оралу. Солға сол. 2. б.қ.: Аяқтар бөлек, қолдар белде. 1 - оңға, сол қолмен бастың артына еңкейту; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. Басқа бағытта да сол. 3. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1-2— - отырыңыз, қолыңызды алға қойыңыз; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу. 4. б.қ.: Аяқтарды бірге отыру, қолдар артынан тіреу (түзу). 1 - түзу аяқтарды жоғары және алға көтеру - «бұрыш» (иықтарды теспеңіз); 2 - бастапқы қалыпқа оралу. 5. б.қ.: Тізе бүгіп, қол белде. 1 - денені оңға бұру, оң өкшемен сол өкшеге тигізу; 2 -	**1. Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы: Н дыбысы және әрпімен таныстыру.** **Дыбыстық талдау жасау** **Мақсаты:** Жаңа дыбыспен таныстыру. Дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту Әдіс-тәсілдері : Сұрақ – жауап Ресурстар: «Н» дыбысына байланысты суреттер, Әріптер: А, Н **ҰОҚ өтілу барысы** **І.Шаттық шеңбер.** Біз бақытты баламыз, Оқып білім аламыз, Әріптерді үйреніп, Білімді бала боламыз. **ІІ.Ой дамыту.** Өткен тақырыпты еске түсіру. -Дыбыс деген не? -Әріп деген не? -Сөз неден құралады? -Дыбыс нешеге бөлінеді? -Қандай дыбыстармен таныстық? **ІІІ. Тосын сәт.** Балаларға сиқырлы кітапты бенетаспадан көрсету. Сиқырлы кітап сөйлей жөнеледі. -Енді балалар тақтадағы бейнетаспаға назар аударыңдар. Бұл бейнетаспада «Сиқырлы кітап» туралы әңгімелейді. -Қай дыбыс туралы айтты? -Н дұрыс. 4.**Жаңа тақырып Нн дыбысы және әрпімен танысамыз.**	**1.Денешынықтыру.** «Екі шеңберге тұру,бір орында тұрып жан-жаққа секіру бұрылу». Балаларға екі бағанды құруға үйрету; 1 минутқа дейін үздіксіз жүгіру кезінде жаттығу; гимнастикалық орындықта бүйір баспалдақпен жүруді үйрету; баулардан секіріп, доп лақтыруға жаттығу. 1. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1 - оңға қарай адымдап, бүйірлер арқылы қолдар; 2 бастапқы қалыпқа оралу. Солға сол. 2. б.қ.: Аяқтар бөлек, қолдар белде. 1 - оңға, сол қолмен бастың артына еңкейту; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. Басқа бағытта да сол. 3. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1-2— - отырыңыз, қолыңызды алға қойыңыз; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу. 4. б.қ.: Аяқтарды бірге отыру, қолдар артынан тіреу (түзу). 1 - түзу аяқтарды жоғары және алға

	Ойын:«Мен қандаймын?» жаттығуы. -Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер. -Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер. -Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер. -Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер. -Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ. Бәріміз доспыз десек тағы шапалақ. **Қорытынды.** Анау бала, бетін Қараша Кір қожалақ қап-қара Тырнағы өскен,шашы көптен Алынбапты –ау масқара Сұрақ-жауап. -Бұл қандай бала туралы айтылып тұр? -Бұндай балдар не істеу керек? Балаларды мадақтау. **2.Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Мен өзім туралы не білемін?»** **Мақсаты:** Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар). **ҰОҚ өтілу барысы:** **1.Шаттық шеңбер** Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жанды құрметтеп Бас иеміз біз. **ІІ. Қызығушылықты ояту.** Телефон шырылдау.	бастапқы қалыпқа оралу; 3-4 сол аяғына дейін 6. б.қ.: арқаңызда жатып, қолыңызбен басыңыз. 1 - оң түзу аяғыңызды көтеріңіз, саусақтарыңызбен саусақтарыңызбен ұстаңыз; 2 - бастапқы қалыпқа оралу; Z - 4—— екінші аяғымен бірдей 7. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1-4 шотына - оң аяқпен секіру; шотқа 5-8— - сол аяқпен секіру; 9-12—— екі аяқпен секіріп, кідіріп, тағы 2-3 рет қайталаңыз. **2. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: П дыбысы және әріпімен таныстыру.** **Мақсаты:** П дыбысы және әрпімен таныстыру, өз бетінше сөз, сөйлем қарастыра білу дағдыларын дамыту.Дыбыстық талдау жасауға, текшелермен жазуға үйрету. Өткен әріптерді еске түсіре отырып, ойлау қабілет-терін арттыру. **ҰОҚ өтілу барысы** **І.Жылулық шеңбері.** Бір, екі, үш. Топтың іші тып - тыныш Жалқаулықты тастаймыз Сабақты біз бастаймыз **ІІ. Миға шабуыл.** **Өткенді қайталау.** Әріп дегеніміз не? Дыбыс нешеге бөлінеді?	бастапқы қалыпқа оралу; 3-4 сол аяғына дейін 6. б.қ.: арқаңызда жатып, қолыңызбен басыңыз. 1 - оң түзу аяғыңызды көтеріңіз, саусақтарыңызбен саусақтарыңызбен ұстаңыз; 2 - бастапқы қалыпқа оралу; Z - 4—— екінші аяғымен бірдей 7. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1-4 шотына - оң аяқпен секіру; шотқа 5-8— - сол аяқпен секіру; 9-12—— екі аяқпен секіріп, кідіріп, тағы 2-3 рет қайталаңыз. **2.Математика негіздері.** **Тақырыбы:** 3саны және цифры. **Мақсаты:** а) 3саны және цифрымен таныстыру. цифр мен заттың санын сәйкестен-діруге,заттарды санауға 3цифрын белгілеуге үйрету. балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту; **ҰОҚ өтілу барысы.** **І.Шаттық шеңбер** Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді. **Ғажайып сәт.** қонаққа құлыншақ келу. Құлыншақ екі жағына тең етіп сиқырлы қапшық әкелеген. Іші толған тапсырма.	 - «Н» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы: ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. -«Н» дыбысы дауыссыз -Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? «Н дыбысы» сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. «Н» дыбысын ауада жазу. «Н» дыбысының баспа, жазба әріптерін көрсету, түсіндіру. АНА сөзіне дыбыстық талдау жасау. Текшемен жазу. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Бой жазайық бәріміз. Мойнымызды бұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяқтарын топ-топ басып, Орнымызға барамыз. **1. Ой қозғау.** **Балаларды екі топқа бөлу.** **1 білгіштер** **2 тапқырлар** І- топқа «Н» әрпі бар сөздер айту 2-топ. «Н» дыбысы бар сөздерге сөйлем құрау **Сергіту сәті видеомен.** **Д/О: «Кім көп біледі»** «Н» әрпіне бір-бірден сөздер айту.	көтеру - «бұрыш» (иықтарды теспеңіз); 2 - бастапқы қалыпқа оралу. 5. б.қ.: Тізе бүгіп, қол белде. 1 - денені оңға бұру, оң өкшемен сол өкшеге тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа оралу; 3-4 сол аяғына дейін 6. б.қ.: арқаңызда жатып, қолыңызбен басыңыз. 1 - оң түзу аяғыңызды көтеріңіз, саусақтарыңызбен саусақтарыңызбен ұстаңыз; 2 - бастапқы қалыпқа оралу; Z - 4—— екінші аяғымен бірдей 7. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қолдар. 1-4 шотына - оң аяқпен секіру; шотқа 5-8— - сол аяқпен секіру; 9-12—— екі аяқпен секіріп, кідіріп, тағы 2-3 рет қайталаңыз. **2.Мүсіндеу** **Тақырыбы: Менің портретім.** **Мақсаты:**Балаларды адамның бейнесін мүсіндеуге үйрету. Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру. **ҰОҚ өтілу барысы** **Шаттық шеңбер**

	Хабарлама келу. -Ия балалар дәрігерден келген екен Тәрбиеші хабарламаны оқиды. Саламатсыздарма балалар! Балалар өз дене мүшелеріңді білесіңдерме? Қане бәріміз бірге айтып көрейікші (Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ) -Оларды қалай күту керек? -Тазалықты ұстанасыңдар ма? **Қ .Мырза Әли** -Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін! -Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін! Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру. **Дид ойын: «Адам денесін құрастыр»** Біздің дұрыс өсуімізге күн, ауа, және су керек екен. Табиғатты және өзімізді қорғауымыз керек. **Қортынды** Балаларды мадақтау. Смайлктер беру. **3.Музыка** Педагог жоспары бойынша **4.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Мен табиғатты	Дыбыстың қандай түрлерін білесіңдер? Дауысты дыбыс қандай текшемен белгіленеді? Дауыссыз дыбыс қандай текшемен белгіленеді? Дауысты дыбыс қалай айтылады? Дауыссыз дыбыс қалай айтылады? Өткен ұоқ қандай әріптермен таныс болдыңдар? «А» дыбысы қандай дыбыс? «Т» дыбысы қандай дыбыс? **ІІІ.** Ғажайып сәт Карлсон балаларға қонаққа ұшып келді. (АҚТ технологиясы) Сумкасында суреттер көп , бірақ атын білмейді. Балалардан көмек сұрап келді. Карлсонға көмек. **Балаларды топқа бөлу.** (жалаушалармен. қызыл, сары, көк, жасыл түстер) **4.Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.** **(әр жұмбақтың шешуін тапқанда сумкадан затты алу)** **1-топ қызыл жалауша.** Қорықпайды күшті аңнан Қорқады тек тышқаннан **(піл)** **2-топ көк жалауша** Қалың киім ұнатады Шешіндірсең жылатады **(пияз)** **3-топ жасыл жалауша** Жазда дем алып тыныгады Қыста түтінге буынады	**ІІІ. Миға шабуыл** **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ тапсырма** **Ойын: Ойлан тап** Пішіндерді ата -Қызыл түсті пішіндерді сана Сары түсті санды ата Артық пішінді тап Қызыл түсті санды ата Шеңберге ұқсайтын заттарды ата Сопақшаға ұқсайтын заттарды ата **2-топ. Тапсырма. Жұмбақ** Күндіз-түні жанамын. Дабыл беріп бәріне. Үш түрлі түсім бар, Белгілі жас пен кәріге **3-топ. Тапсырма** **Суретке қарап сандарды жабыстыр** -Қай суретте 1 зат қана бейнеленген сол суретті тауып сол суретке келетін санды алып жабыстыру. Келесі тапсырма 2 зат тұрған суреттерді тауып сол санды жабыстыру. Келесі 3 зат тұрған суретті тауып сол суретке 3санды алып жабыстыру **1-топ тапсырма**  **2-топ тапсырма**	**Қортынды:** Бүгін біз не үйрендік?» -Қандай дыбыспен таныстық? -«Н» дыбысы дауысты ма,дауыссыз ба? Балаларды мадақтау **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:**Өзім туралы не білемін. Мақсаты:Өзін тануға, өзі нің есіміне жағымды қаты насты,өзінің бірегей «Мені» мен есімі арасындағы байланысты сезінуді дамыту, денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Әдісі: түсіндіру, көрсету, тосын сәт, әңгімелеу Көрнекілігі: Адам бейнесін бейнелейтін суреттер. 1.Шаттық шеңбер 2.Сұрақ қою. -Мен дегенде нені түсінесіңдер? -Жағымды қатынас дегеніміз не? Әйгерім, сенің қасында тұрған кім? Қалай ойлайсың, Ұлан ұл бала ма, әлде қыз бала ма? Дастан, сен кімнің қасында отырсың? Балжан ұл бала ма, әлде қыз бала ма? - Ал өздеріңнің дене мүшелерің туралы білесіңдер ме? балаларға адамның дене мүшелері: бас, мойын, аяқ , қолдары туралы сұрақтар қоямын. Ойын: «Айна». (балалар айнаға қарап өздерін не үшін	**І. Ой дамыту.** 1. Дидактикалық ойын. "Адамдардың бет бейнесі қандай болады?" **ҰОҚ түсіндіру, көрсету.** Адам бейнесін мүсіндеудің әдісін көрсету, түсіндіру. 1.Ермексазды екі кішкене, екі үлкен бөлікке бөліп алып, ұзынша етіп есеміз. 2.Кішкене бөлігінен адамның қолын жасаймыз, оның ұшынан шымшып созу арқылы алақанын жасаймыз. 3.Үлкен бөлігінен аяқтарын жасаймыз. Оның бір шеткі бөлігін созып, жалпақтап иеміз де аяғын мүсіндейміз. (аяқ киім киетін бөлігі) 4.Денесін есіп, бейнеге келтіріп, содан кейін барып домалақтан басын жасаймыз. 5.Енді барлық дене бөліктерін бір-біріне біріктіреміз: денесін аяққа, қолдарын дененің жоғарғы бөлігіне иыққа орналастырамыз. Дене бөліктерінің берік, дұрыс орналасуына мән береміз. Саусақтармен сылап-сипап тегістейміз. Балаларға дұрыс және ұқыпты мүсіндеуді ұсыну. **4.Сергіту сәті.** 5. Балалардың өз бетінше жұмыстары. **Жеке көмек**

	бақылай аламын. **Мақсаты:**Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ести білуді үйрету.Табиғат құбылысының болу себептері туралы түсінгендерін қалыптастыру.Табиғатқа қамқор болуға баулу. **Қолданылатын көрнекі құралдар: АКТ, қуыршақ** **ҰОҚ өтіліу барысы:** **1.Шаттық шеңбер:** Армысың, шапағатты, Күн ана Армысың қайырымды, Аспан ана Армысың мейірімді, Жер ана Армысың менің достарым. **ІІ.Қызығушылықтарын ояту.** Айгүл келеді. Табиғат құбылыстары туралы білгісі келетінін айтады. **ІІІ.Ой қозғау.** Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы ойланып жауап берулерін өтіну. Күн неге жарқырайды? Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады? Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет? **Ой дамыту** Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.) -Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.	**(пеш)** **4-топ сары жалауша** Үсті толы ине, бірақта Іс тігіп, қадамайды түйме. **(кірпі)** **Шапалақ әдісі Карлсон қуанады.** Барлық айтылған сөздер қандай дыбыстан басталып тұр? **Жаңа ҰОҚ таныстыру.** П дыбысынан. П дыбысы дауыссыз дыбыс. Өйткені П дыбысы еріннің бір - біріне нық тиіп, артынша кілт ашылуынан жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс. Ендеше ол көк текшемен белгіленеді. Дыбысты қайталап айтқызу. П п пы пы пы. **5.Ой дамыту.** **Суретпен жұмыс.** Сөздерде П дыбысы сөздің қай жерінде естіліп тұр? Буынға бөлу. 1-топ. Доп 2-топ. Піл сөзі 3-топ. Балапан 4-топ.Парта **АПА сөзіне дыбыстық талдау жасау, текшемен жазу.** Дәптермен жұмыс.Әріпті бастырып жазу.	  **3-топқа тапсырма**  **Логикалық тапсырмалар** Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін іниме бердім. менде неше доп қалды? (1) - Қоянда неше құлақ бар - Қолда қанша саусақ бар? - Ағашта 5 құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды? -Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма? Құлыншақпен қоштасу. Балаларға рақмет айту. **4. Ой қозғау.Тақпақ оқу.** Екіліктен кейін қараңдар 3-саны шықты жарандар Үшінші орын тұрағы 3-ілмектен тұрады. Сұрақ-жауап. Қандай сан туралы айтылған? **Дәптермен жұмыс:** А)3 санын қоршап сызамыз: В) дәптерімізді көлбеу қоямыз тік қаламымызды алайық. Ең бірінші 3 санының элементтерін жазамыз.Тор көздің жоғарғы	сүйетінін айтады). Сергіту сәті. Жақсы болу өзіңнен. Жаман болу өзіңнен. Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Жақсылық көрсең біреуден, Мен қандаймын деп ойла. Өзіңді өзің қолыңа ал. Өзіңсің – ақыл айнасы, Тиеді саған мәні бар. «Өзіңді тану пайдасы» Жақынды, досты аяла. Қорытынды: Өзін – өзі жақсы көру дегеніміз, жақсы қасиеттерге ие болу. Таза, ұқыпты жүру. Достарын, туған – туысқандарын сыйлау, жақсылық жасау. Сонда ғана өз – өзімізді сүйеміз. Жүректен – жүрекке: Өз – өзімді сүйемін – сізге де соны тілеймін! **3.СУРЕТ** **Тақырыбы:** Бұл мен **Мақсаты.** Дөңгелек пішінді заттардың суретін салу. Түстерді үйлестіре білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу**.** **Қолданылатын көрнекі құралдар:** портрет, айна, бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбері:** Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң» деймін мен **«Доп лақтыру әдісі»** Жыл мезгілі,ай атын,апта	**Дид ойын «Біздің көрме»** **Қортынды** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау.**

	АКТ технологиясы Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету. **Сурет бойынша әңгіме** құрастыру.Слайд. Көрсету. Көрген суреттеріне әңгіме құрау. Мыс: Мен торғайларға ұя жасаймын. Саша да ұя жасайды. Біз ұяны жоғары ілеміз. Біз құстарға жем шашамыз, су береміз. Құстар жанды табиғатқа жатады. Біз табиғатты қорғаймыз. **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі. **Дид ойын: «Шатастырма»** 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір жаз мезгілі? 3. Көктемде қар ериді? 4Қыста жапырақтар сарғаяды? 5. Жыл мезгілдері: қыс, көктем,жаз,күз. 6.Жаз ең суық жыл мезгілі? 7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? 8.Жазда балалар оқиды? Балаларды мадақтау **Қорытынды.** Айгүл балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.	**Қортынды.** Кубизм әдісі. Берілген буындардан сөз ойлап құрастыру. Пер - де. Пош - та. Пи - яз. По - езд. Па-ровоз. Пар - та. Карлсонмен қоштасу. Рақмет айтып кетіп қалады. Балаларды мадақтау. **3 .Орыс тілі** **Педагог жоспары бойынша** **4. Жапсыру. Тақырыбы: Адам бейнесін жапсыру.** **Мақсаты:** Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішін дерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюға үйрету. Қағаздың бетіне заттарды орналас тыруды жетілдіру. **ҰОҚ өтілу барысы** **І. Шаттық шеңбер** Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды қабыл ал! Бір-біріне күлімдеу. **ІІ. Миға шабуыл.** **Қызығушылықты ояту.** **Жұмбақ жасыру.** **Топтық жұмыс.** 1.Бір беткейде екі көл. (Көз) 2.Сөз ұққыш- Қос тұтқыш. (Құлақ) 3.Үңгір түбінде жалбырап, Өсіп тұр жалғыз жапырақ. (Тіл) **ІІІ. Жаңа ұоқ таныстыру.** -Тақтаға адам бейнесін ілу. Сұрақтар-жауап. **Дид ойын: «Сәйкестендір»** Адамның сезім мүшелерін	шетіне жарты дөңгелекқып сызамыз. Қане ауада жазып көрейікші. Келесісін тор көздің астыңғы шетінен жарты дөңгелек сызамыз. Оны да ауада жазып көрейік. Ал енді з санын қолды үзбей жазамыз. **Дидактикалық ойын. «Көршісін тап»** 3 саының көршісін табу. **Қорытындылау** -Бүгін қандай цифрлармен таныстық? -Мына цифр заттың қанша екендігін білдіреді? «Бір «дегенде тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. «Екі» десе еңкейіп, Қайта түзу тұрамыз. «Үш» дегенде тосылма, Отыр қайта орынға. Балаларды мадақтау. **3. Музыка** **Педагог жоспары бойынша** **4. Өзін өзі тану.** **Тақырыбы:**Мейірімділік. **Мақсаты:**Құрдастарымен өзара әрекеттесу арқылы қарым-қатынас қуанышы, өзара көмек, мейірім ділік танытуға баулу. **Әдіс-тәсілдері:**түсіндіру, сұрақ-жауап,әңгімелесу. **ҰОҚ өтілу барысы** І.Шаттық шеңбері. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз	күнін сұрау. **Суретпен жұмыс** Отбасы. **Сұрақтар ілмегі .-** Балалар суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар? - Бір сөзбен қалай атауға болады? Балалардың жауаптары. **Қызық оқиға.** Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен. Оны **автопортрет** деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен. **Ой дамыту.** **Шығармашылық ортаға саяхат.** Портреттерге назар аударайық. Онда кімнің суреті салынған? (Ананың). Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл-күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың көңіл-күйі қандай болды екен? Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды пайдаланыпты? Бұл суретке қандай ат ойлап табуға болады? Балалардың жауаптарын тыңдау. **Дидактикалық ойын:** «Менің портретім!» Мен сендерге айнаға қарап тұрып өз суреттеріңді салуды ұсынамын. Сонда келесі көрмемізде сендердің	

		тауып сызық арқылы қосу. Жапсырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту. Жеке көмек **Сергіту сәті:** Бүйір таян сол қолмен, Көтер қанат оң жақтан, Қайталашы сол жолмен Иіліп тез, сәл сақтан. **Балалардың өз бетінше жұмыс жасауы.** Қадағалау. Дайын бейнеге сезім мүшелерін қиып жапсыру. **Дид ойын: «Біздің көрме»** Балалардың жұмысын бағалау. Қортынды Смайлктермен балалрады мадақтау,	II. Ой дамыту. Мейірімділік туралы түсінік беру. -Сурет бойынша әңгіме. -Мейірімділік дегенді қалай түсінеміз? -Мейірімділікке не жатады? II. Ой қозғау. Тақпақ жаттау. Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді. Сұрақ-жауап Тақпақ не туралы айтылған? -Мейірімділік дегеніміз не? -Мейірімділікті қайдан алуға болады? -Егерде саған біреу мейірімділік көрсетсе сен қандай сезімде боласың? **«Кел,ойнайық» сергіту сәті** 1.Өтірік айту жаман қасиет дегендерің, қол соғайық. 2.Жақсы адам болғыларың келсе, орнымыздан тұрайық. 3.Жалқаулық жаман қасиет дегендерің, отырайық. 4.Жүректері мейірім ділікке толы балалар «Мен» деп айқайласын. 5.Адамгершілігі мол балалар екі қолдарын көтерсін. 6.Көңіл-күйлері жоғары балалар,аяқты еденге соғайық. 7.Осы балабақша туралы жақсы ой-пікірдегі балалар бір-бірінің қолын алсын. Қорытынды жасау Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату.	жұмыстарыңды тамашалайтын боламыз. Балалардың жұмысын бақылау. Көмектесу. **Саусақ жаттығуы** **«Достық» жаттығуы** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Балалардың жұмысын бағалау. **Қорытынды.** **Галереяны шарлау әдісі.** Бірін бірін бағалау. Бас бармақ әдісі арқылы. Балаларды мадақтау	

Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен:	**Картотека №1** Күзгі жаңбырды бақылау.	**Картотека № 12** Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.	**Картотека №6** Желді бақылау.	**Картотека №9** Аула сыпырушының еңбегін бақылау	**Картотека №4** Ауа- райының салқындауын бақылау.
	КҮЗ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Гигиеналық шаралар. Ойын жаттығу: **Сырттан келіп үнемі,** **Сабынмен қол жуамыз,** **Таза болды мұнтаздай,** **Тағамға қол созамыз.**				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	**№5 1. Ояну** Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	**№7 1. Ояну** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық**.**	**№9 1. Ояту** Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	**№2. 1. Ояну** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	**№5 1. Ояну** Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Вариативтік бөлім Музыка. «Гүлдене бер Қазақстан».	**Дьенеш блоктарымен жұмыс** **Дидактикалық ойын: «Машина жүріп барады», «Гүлдер өсіп тұр», «Биік мұнара», «Күшік үреді».** Балаларды ойын тақырыптары бойынша топқа бөлу. Құрастыру нәтижесін бекіту.	**АҚТ технологиясымен жұмыс** Математикалық дамытушы ойындар Сұрақ-жауап	Вариативтік бөлім Ментальді арифметика логикалық ойындар. Тақырыбы: «Тапқыр болсаң, тауып көр»	Вариативтік бөлім. Сурет. Тақырыбы: «Астық жинауу».
	Балалармен жеке жұмыс Логикалық тапсырмалар	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Картотека №1** Күзгі жаңбырды бақылау.	**Картотека № 12** Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.	**Картотека №6** Желді бақылау.	**Картотека №9** Аула сыпырушының еңбегін бақылау	**Картотека №4** Ауа- райының салқындауын бақылау.

	Таңертеңгі серуенді бекіту. Сұрақ- жауап. Бала үнін тыңдау.				
Балалардың үйге қайтуы	**Тәрбиеші:** Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.	**Медбике:** Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу.	**Тәрбиеші:** Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу.	**Педагог-психологтың кеңесі:** Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру.	**Тәрбиеші:** Балаларға спорт туралы тақпақ жаттату.

ЦИКЛОГРАММА

II апта қараша 2021ж

Мектепалды даярлық « Балауса»тобы

08.11.-.12.11. 2021ж Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау

Тақырыпша. «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.11	Сейсенбі 09.11	Сәрсенбі 10.11	Бейсенбі 11.11	Жұма 12.11
Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 20** **Кеңістікті бағдарлау.** **Мақсаты:** балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуді үйрету	**Картотека №18** **«Көп және біреу»** **Ойынның мақсаты:** көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.	**Картотека № 16** **«Айырмашылығын тап»** **Мақсаты:** Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету	**Картотека №17«Төртінші артық» Ойын шарты:** Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет**.**	**Картотека № «Жол картасын бейнеле»** **Ойынның мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.
	МАТЕМАТИКА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ				
Таңертеңгі гимнастика	**Қараша айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген** **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау **Шақырамын сендерді** **Жолдастарым кел бері** **Толтырайық шаттыққа,** **Дөнгеленген шеңберді.**				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Дәрумендер – денсаулық кепілі» **Мақсаты:** Дәруменнің адам денсаулы-ғына маңыздылығын	**1.Денешынықтыру.** «Сап түзет қатарға тұру».Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен	**1.Денешынықтыру.** «Сап түзет қатарға тұру».Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Сөз дыбыс.** **Мақсаты:**Сөз, дыбыс туралы ұғымдарды жетілдіру. Сөздің дыбыстан құралатынын,	**1.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері** **Тақырыбы:**Дұрыс тамақтану. **Мақсаты:**Негізгі азық-

рылған оқу қызмет-тері	түсіндіру. Жемістер мен көкөністердің дәрумендерге бай екендігін, жеткізе білу. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ** **І.Шаттық шеңбері** **Е.Өтетілеуов** Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен **ІІ. Таңғажайып сәт.** **Салауат атайдан хат келу.хатты оқу** Қымбатты балалар сендер денсаулықтарың мықты болу үшін не істеу керек екенін білесіңдер ме? Балалардың жауабы: Шынығу керек?Жақсы тамақтану керек. Дәрумендер жеу керек. **Ой дамыту Дәрумендерді топқа бөлу.** **1-топ А және В дәрумені** Біз балықта, картопта, асбұршақта, сиыр етінде, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. Бұл В дәруменін жеп өскен баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп жақсы жүгіретін боласыздар. **2-топ С дәрумені** Мен С дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар біз сендерге керекпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін біздермен дос болыңдар. **3-топ Д дәрумені** Мен Д дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт	шығып кетпеуді, саптізбекте өзінің орнын таба біледі -Бүгінгі жаттығу түрлерін біледі. - Балалар нұсқаушының түсіндіруі бойынша негізгі жаттығу түрлерін жасайды. 1. Алақан мен тізедегі гимнастикалық орындықта жорғалап жүру 2. Арқанмен (арқанмен) бүйірден адыммен жүру, белдіктегі қолдар бас пен арқаны түзу ұстау. 3. Допты екі қолмен жоғары лақтыру және оны қағып алу, допты жоғары лақтыру және шапалақпен ұстау **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** **Ғ ғ дыбысы және әрпі** **Мақсаты**: Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру Ғ дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, буынға бөліп оқуға жаттықтыру. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.** **Шаттық шеңбері.** Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз. **І.Қызығушылықты ояту**. АҚТ технологиясымен жұмыс. (Күн бейнесі) Ой сүйкімді балалар армысыңдар! Сендерді көріп қуанып тұрмын. Мен мына бейне қалташаммен сендерге тапсырма	шығып кетпеуді, саптізбекте өзінің орнын таба біледі -Бүгінгі жаттығу түрлерін біледі. - Балалар нұсқаушының түсіндіруі бойынша негізгі жаттығу түрлерін жасайды. 1. Алақан мен тізедегі гимнастикалық орындықта жорғалап жүру 2. Арқанмен (арқанмен) бүйірден адыммен жүру, белдіктегі қолдар бас пен арқаны түзу ұстау. 3. Допты екі қолмен жоғары лақтыру және оны қағып алу, допты жоғары лақтыру және шапалақпен ұстау **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:4 саны мен цифры.** Реттік санау **Мақсаты:** Балаларды 4 саны және цифрымен таныстыру. кеңістікті бағдарлауда «алға –артқа», «оңға -солға» бағыттарын пайдалана білуге үйрету. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен және санау арқылы жеткізе білуін дамыту. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ** **І. Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»** Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз**.** **АҚТ технологиясымен**	дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсініктерін дамыту**.** **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.** **Шаттық шеңбері. «Балалы үй-базар»** **Н.Әлімқұлов.** Біздің үйден ән тарап, Дұмандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. Қызығушылықты ояту. Миға шабуыл **1.Ойын:«Орамал тастамақ»** Қандай әріптерді өттік? -Әріп деген не? -Әріпті не істейміз? (оқимыз, жазамыз) **2.Ойын: «Кім жылдам»** - Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай? -Дауысты дыбыс қандай үйде тұрады, қандай текшемен белгілейміз? -Неге? -Дауысты дыбыстар қалай айтылады? - Дыбысты не істейміз? (естиміз, айтамыз) **3. Ойын «Шынжыр»** -Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? -Оларды шынжырлап қойғандай нелер кедергі жасайды. Дауыссыз дыбыс қай үйде тұрады? **4.Ойын: «Мен бастаймын сен аяқта»** Ан---, та--, на--, ға--,т.б. **5.Ойын «Шашылған буындар»** Буындардан сөз құрау, сөзге сөйлем құрау.	түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Құнарлы тағамдардың, денсау лыққа зиянын тигізетін тамақтардың құрамы мен таныстыру. **Әдіс-тәсілдері:** Әңгімелесу,түсіндіру, сұрақ-жауап. 1.Дұрыс тамақтану туралы түсінік беру.Негізгі тамақ және зиянды тағам түрлері туралы түсіндіру. 2. Күнделікті өмірде тамақтанудың бес маңызды қағидасымен таныстыру. 3.Слайд бойынша түсіндіру. -Дұрыс тамақтанудың ережелерімен және ас ішу тәртібімен таныстырып түсіндіру. 4.Сұрақ-жауап. -Қандай тағам түрлерін білесіңдер? -Дұрыс тамақтану дегеніміз не екен? -Дұрыс тамақтанудың қандай ережелері бар? 5.Ойын: «Зиянды тағам түрін көрсет және ата» Мақсаты:көрсетілген (сурет бойынша) тағамның не үшін зиянды екендігін айтып түсіндіре білу. **Қорытындылау.** **2.Мүсіндеу.** **Тақырыбы:** Көкөністер натюрморты

	тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені жеп өскен баланың сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де сүйектерің мықты болып өседі. **Ой қозғау** Дәрумендер неде болады? атау -Дәрумендер не үшін керек екен? Үйдегі күн тәртібіңді ата? Таңертең жаттығу жасайсыңдар ма? Жеміс- көкөністерді жуып жейсіңдер ма? Осы кеңестері орындау қолымыздан келе ма? **Қортынды** .Тақпақ оқу Денсаулық – ол шыныққан, Барлық дене мүшесі Денсаулық ол тыныққан, Жүйке тамыр жүйесі. Денсаулық ол күлуің, Көңіл күйің жадырау Денсаулық ол жүруің Ешбір жерің ауырмау. Балалармен бірге қайталау. **Балаларды мадақтау.** **Смайлктер беру.** **2.Жаратылыстану.** **Тақырыбы: Су табиғат байлығы** **Мақсаты:** Балалардың су туралы түсініктерін кеңейту. Судың қасиеттерімен таныстыру, іс – тәжірибе жасау арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Суды ысырап етпеуге, дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.** **Шаттық шеңбері.** **Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»** Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз,	орындап әкелдім. Тапсырма орындайсыңдар ма? **«Күн тапсырмасы»** **1-тапсырма** Бейнесі қалташада өтілген дыбыстардың және таныс емес әріптер қонаққа келді. Өтілген әріптеріңдң атаңдар?Атау.. **2-тапсырма.Ертегідегі әріпті атау.** **«Ғажайып түс»ертегісі арқылы** «Ғ» дыбысы бар сөздермен таныстыру. (Ертегі желісі бойынша тақтаға Ғани, балға, таға, шалғы, торғай, қарға, ғарышкер, ғарыш, ағаш, сағат суреттері ілінеді) Ерте, ерте, ата мен әженің Ғанидеген баласы болыпты. Атай темірден балға, таға, шалғы жасаумен айналысыпты. Ғани атасына көмектесіп, күзде шалғымен шөп шабысады. Бір күні шөп шауып жүріп Ғани шаршап аспанға қарап жатып, ұшып жүрген торғай, қарғаларды көріп, меніңде қанатым болып көкке самғасам ғой деп армандап, ойланып жатып ұйықтап кетіпті. Түсінде ғарышкер болып, ғарыштасамғап жүр екен. Өте қуанышты сезімде жатқанда желдің дыбысынан оянып кетеді.Сағатына қараса кеш бола бастаған. Ғани өзінің ғарышқа ұшқанын жақсылыққа жорып, атасына түсін айтуға үйіне қарай қуана жүгіре жөнелді Ертегі ұнады ма? Баланың аты кім еді? (Ғани) Ғани дегенде бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? Ғ дыбысы. Олай болса, Күн тапсырмасындағы жаңа әріп Ғ дыбысының әріп таңбасы екен. (Тақтаға Ғ.ғ әріптері қойылады)	**жұмыс** **ІІ.Қызығушылықтарын ояту.** **Ғажайып сәт.** **Айболит ата қонақта.** Қыс мезгілі салқын болғандықтан аңдарды тексеруге Айболит дәрігер келді. **1.Ой дамыту** -- Айболитке аңдар не үшін келді?(емделу үшін) - Айболит бәріне жақындауды сұрайды. -Енді аурулардың саны қанша болды? **Санау.** - Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді. -Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді? Кезекке тұруға **Дид ойын: «Аңдарды кезекке тұрғызу».** Әр аңның артында жабыстырылған сан болу керек . **1.Реттік санау.** -- Айболитке емделу үшін қанша аң келді? -Қоян бәрінен қорқып тұрғанда өз кезегін ұмытып қалған. Қане көмектесейік - Түлкі де баласын тербетуге кетіп, қайтып келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты. - Қасқыр ұялы телефонымен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді? -Керік бәрінен кеш келді ол нешінші екен?	**6. Ойын: «Текшелер жарысы»** АНА, ТАНА,НАН, АҒА сөздерін текшемен жазу. **Қортынды** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау.** **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Денсаулық - зор байлық **Мақсаты:** Денсаулық, денсаулыққа қажетті жағдайлар,денсаулықты сақтау туралы қарапайым түсініктер беру.Ұйымшылдыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Дүниетанымдарын, қимыл-қозғалыс шапшаңдық-тарын дамыту. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ** **І.Шаттық шеңбері** **Е.Өтетілеуов** Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен **ІІ. Таңғажайып сәт.** Жалқаубектің қонаққа келуі. **Сұрақ- жауап.** **Жалқаубектің не болған?** - Көңілсіз -Үсті лас -Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр. Қандай көмек береміз? **Қызығушылықты ояту** **Жұмбақ жасыру.** Ерте мен күнде сен, Қолыңа сүйкесең Кетіп кір ласың Тап – таза боласын Бұл не? Шомылған баланы Аймалап алады. Сүртеді қолыңды Сүртеді бетіңді Бұл не?	**Мақсаты:**Балаларға көкөністер туралы түсінік беру. Дәстүрден тыс әдіс арқылы мақта таяқшасымен бояу тәсілін үйрету. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ** **Шаттық шеңбері.** «Арайлап таң атты» Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық. **Миға шабул** **1.1Жұмбақ жасыру.** Сыртындағы азығы, Ортасында бар қазығы. **(Алма) т.б** алмұрт, өрік, жүзім) **Ой дамыту** **.**Натюрморт туралы түсінік беру. - Натюрморт дегеніміз не? - Біз қазір ненің натюрмортын көріп тұрмыз? -Осы жемістер бізге не береді? Түсі, пішіні, қайда өсетіні т.б. Сұрақ – жауап. **Сөздік жұмыс.** Натюрморт, бақ, дән, дәрумен. **2. .Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.** Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту. **Өз беттерінше жұмыс.** **Қадағалау, көмек көрсету.** **«Біздің көрме»** дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау.

	Атсын күліп таңымыз. **II.Қызығушылықты ояту**. Жұмбақ жасыру Дәміде жоқ,түсі жоқ, Пайдаланбас кісі жоқ. **СУ** **1Ой дамыту** -Су туралы түсінік беру. -Сұрақ-жауап. --Су қандай зат? -Оның қандай пайдасы бар? -Судың қасиеттері қандай? - Адамдар суды не үшін пайдаланады? (ішеді, жуынады) - Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер) -Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық.. **2.Сергіту сәті.** Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Су ішінде қалықтап, Қәне, жүзіп алайық, Оңға, солға бір қарап, Денемізді бұрайық **Балаларды топқа бөлу.** **Тәжірибе жасау** **1-топ. Сүт пен суға тәжірибе** Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейті-нін бақылайды. **"Су - мөлдір"** **2- топ. Суға қант пен тұз қосып тәжірибе.** Суға қант пен тұз қосу және судың өзі дәмін татады. **"Суда дәм жоқ"** **3-топ Бояулармен.** Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау. **"Су - түссіз"** **4- топ. Су және ванилин** **Яғни:"Судың иісі жоқ"** **Қортынды** **Сұрақ-жауап** **Су қандай? Балалардың**	Суреттерде Ғ әрпі неге ұқсайды. (Тақтадағы суреттерді Ғ әрпімен салыстырып, шалғыға.Ғ дыбысы туралы білгілерің келе ме? **II. Мағынаны тану.** **- Ғ дыбысының айтылу артикуляциясын меңгерту.** Біз күнді қайдан көріп тұрмыз? Ғаламтордан Ғаламторда бірінші қандай дыбыс естіліп тұр. Ғ дыбысын дыбыстату. Ғ дыбысы кедергімен айтылады.. Демек Ғ дыбысы қандай дыбыс деп. (Дауыссыз дыбыс) Қандай түсті текшемен белгілейміз. (Көк) **Дид ойын: «Буынға буын қос»** Балалар ертегідегі Ғанидың арманы не еді? (Ғарышқа ұшып, ғарышкер болу) Ға-ни, ға-рыш-кер, ға-рыш (Ғ сөздің басында)Бал-ға, та-ға, шал-ғы, тор-ғай, қар-ға, а-ғаш, са-ғат (Ғ сөздің ортасында) Сергіту сәті. Қарға, қарға, қарғалар Қар үстінде жорғалар Боран соқса қар болар Көзден жасы сорғалар **Сөзге дыбыстық талдау.** АҒА –дыбыстық талдау, текшемен жазу. **Қортынды.** **Балаларды мадақтау.** **3. Орыс тілі** **Педагог жоспары бойынша** **4. Жапсыру.** **Тақырыбы: Жемістер натюрморты.** **Мақсаты:** Балаларға натюрморт мағынасын түсіндіру. Бір ыдысқа әр түрлі жемістерді жапсыру арқылы натюрморт шығару. Жемістердің аттарын, олардың пайдасын түсіндіріп, баланың ойлау	- Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санау. Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді. **Сонымен Айболитке неше аң келді? Санау.** **4саны және цифрымен танытыру.** **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** **2.Салыстыру**. Үлкен – кіші ұғымы. **Дид ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр»** -Мына үйлер қандай? -Үлкен үйдің нөмері неше және неше қабатты? - Демек үлкен үйде қандай аң тұрады? -Ортаңғы үйдің аңын тауып бер? -Кішкентай үйде не тұрады? 3**. Алға –артқа, оңға -солға ұғымын түсіндіру**. Сюжетті суреттермен жұмыс. **4. Миға шабул.** **Логикалық тапсырма** -Жол ұзын ба, қысқа ма? Қол ұзын ба, қысқы ма? -Қасық ұзын ба, қысқа ма? Асық ұзын ба, қысқа ма? -Алма үлкен бе, түйме үлкен бе? -Аю үлкен бе, қоян үлкен бе? -Шаш ұзын ба, қас ұзын ба? **Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»** Оң жақтағы жол үш-	Бұлар нелер екен? Тазалықтыі досы Жалқаубекке керек заттар. Балаларды топқа бөлу. **1-топ «ТАЗАЛЫҚ»** **Ойын: «Жаңылма»** **Бұл бала қай, қай бала?** Қарашы үстіне, Бір кіршік түстіме көзіңе Тап-таза ақ қаздай Киімі мұнтаздай Жарайсың балақай Дейміз біз мадақтай **Салыстыру** **-Анау бала, Бетін қара,** Кір қожалақ, қап-қара Тырнағы өскен, Шашы көптен Алынбаспты –ау масқара Сұрақ –жауап Осындай бала болмас үшін не істеу керек? **Дид ойын: «Тазалықтың достары»** **2-топ. «ТАҒАМДАР»** **Ой дамыту. Суретпен жұмыс** Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру. АҚТ технологиясы **Ойын «Жеміс-жидек теру және егу»** **3.«ШЫНЫҒУ» Аудиомен.** **Ой қозғау.** **Өлең жолдарын мәнерлеп оқу, сұрақ –жауап.** **Қ. Мырза Әли** -Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! Құлақ деген не үшін керек? -Ақыл-кеңес тыңдау үшін! Жүрек деген не үшін керек? Жауларымнан қыңбау үшін! Тіл мен жағың не үшін керек? -Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем,	**Балаларды мадақтау.**

	жауабы. **Ө Тұрманжанов «Табиғатты аялайық»** Сүйейік табиғатты, аялайық! Біз де онан жақсылықты аямайық! Анадай табиғаттың аясында Жадырап жас балаша дем алайық! **3.Музыка** **Педагог жоспары бойынша** **4.Құрастыру** **Тақырыбы:** Өз бетінше жұмыс **Мақсаты:** Дьенеш блоктарымен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жасау. Балалардың логикалық қабілеттерін дамыту **ҰОҚ өтілу барысы** **Шаттық шеңбер** Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Гүл егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. ҰОҚ өтілу барысы Ой қозғау. Сұрақ-жауап -Құрастыру жұмысында нелерді үйренеміз -Құрастыру жұмыстарын неден жасаймыз? -Геометриялық пішіндерден қандай жұмыстар жасауға болады? Дьенеш блоктарымен жұмыс жасауды түсіндіру. Үлгіні талдау. **Дидактикалық ойын: «Кімге не ұнайды?»** Берілген суреттерден әр түрлі бейнені құрастыра білу	қабілетін дамыту. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ** **Шаттық шеңбері.** **«Арайлап таң атты»** Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық. **Миға шабул** **1.1.Жұмбақ жасыру.** Сыртындағы азығы, Ортасында бар қазығы. **(Алма) т.б** алмұрт, өрік, жүзім) **Ой дамыту** Натюрморт туралы түсінік беру. -Натюрморт дегеніміз не? -Біз қазір ненің натюрмортын көріп тұрмыз? -Осы жемістер бізге не береді? Түсі,пішіні, қайда өсетіні т.б. Сұрақ – жауап. **Сөздік жұмыс.** Натюрморт,бақ,дән,дәрумен. **2. .Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.** Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту. **Өз беттерінше жұмыс.** **Қадағалау, көмек көрсету.** **«Біздің көрме»** дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау. **Балаларды мадақтау.**	бұрыштан, сол жақта-ғы жол төртбұрыш-тан, тура жол дөңге-лектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру. **ҰОҚ қортындылау** Балаларды мадақтау. **3.Музыка** **Педагог жоспары бойынша** **4. Өзін-өзі тану.** **Тақырыбы: Менің сезімдерім** **Мақсаты:** Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру. **І.Шаттық шеңбері** Ө. Тұрманжанов. Аудиомен бірге. Кел, балалар күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек Көңілді боп жүрейік! **ІІ. Ой қозғау.** **1. Әңгімелесу.** -Бүгін көңіл күйлерің қандай? -Адамның көңіл күйі неліктен өзгереді? Адамның сезімі оның көңіл күйіне байланысты болады. -Сендер қалай түсінесіңдер? **1.1 Әңгімелеу** **Әдептілік әлемі** **Е.Өтетілеуов.** **Өлең жолдарын мәнерлеп оқу. Түсіндіру.** **1.2. «Жақсы көңіл –күй сыйлаймын»** **Жұптасып тұру.** -Үлкен мен кіші -Ата мен әже -Әже мен бала	Туған жерге қайту үшін! Осыларды сақтау үшін не керек? Балалардың жауабы: Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейірімділік керек. Жалқаубек біздің балалардың денсаулықты сақтау туралы ойлары ұнады ма? Жалқаубек мен үйге тез барам да тап-таза болып жуынам, спортпен айналысам кеттім. Рақмет айту. **Қортынды** Денсаулық ол күлуің, Денсаулық ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Бақытты өмір сүруің. Балаларды мадақтау **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:**Өзім туралы не білемін. Мақсаты:Өзін тануға, өзі нің есіміне жағымды қаты насты,өзінің бірегей «Мені» мен есімі арасындағы байланысты сезінуді дамыту, денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Әдісі: түсіндіру, көрсету, тосын сәт, әңгімелеу Көрнекілігі: Адам бейнесін бейнелейтін суреттер. 1.Шаттық шеңбер 2.Сұрақ қою. -Мен дегенде нені түсінесіңдер? -Жағымды қатынас дегеніміз не? Әйгерім, сенің қасында тұрған кім? Қалай ойлайсың, Ұлан ұл бала ма, әлде қыз бала ма? Дастан, сен кімнің қасында отырсың?	

	Жасаған жұмысын атау, сипаттама беру. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жасаған жұмысын бағалау. **Қортынды** **Балаларды мадақтау.**		-Ана мен бала -Әке мен бала -Іні мен қарындас бір-бірінің көңіл-күйін көтеру үшін бір-бірін мадақтап, жылы сөздер айту. Жүректен жүрекке **Қортынды** **Балаларды мадақтау.**	Балжан ұл бала ма, әлде қыз бала ма? - Ал өздеріңнің дене мүшелерің туралы білесіңдер ме? балаларға адамның дене мүшелері: бас, мойын, аяқ , қолдары туралы сұрақтар қоямын. Ойын: «Айна». (балалар айнаға қарап өздерін не үшін сүйетінін айтады). Сергіту сәті. Жақсы болу өзіңнен. Жаман болу өзіңнен. Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Жақсылық көрсең біреуден, Мен қандаймын деп ойла. Өзіңді өзің қолыңа ал. Өзіңсің – ақыл айнасы, Тиеді саған мәні бар. «Өзіңді тану пайдасы» Жақынды, досты аяла. Қорытынды: Өзін – өзі жақсы көру дегеніміз, жақсы қасиеттерге ие болу. Таза, ұқыпты жүру. Достарын, туған – туысқандарын сыйлау, жақсылық жасау. Сонда ғана өз – өзімізді сүйеміз. Жүректен – жүрекке: Өз – өзімді сүйемін – сізге де соны тілеймін **3.Сурет салу** **Тақырыбы:** Жеміс - жидектер **Мақсаты:** Балалардың жеміс - жидектер туралы білімдерін арттыру. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.** **Шаттық шеңбері:**	

				Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге. **1.Миға шабул.** **1.Жұмбақтар сыры.** **«Үйқасын тап»** Іші толған шәрбат Дәмі қандай әйбат Үзесің бірден жүзін **Оның аты-...(жүзім)** Дөп-дөңгелек сары Ішінде бар дәні Қызығасың көріп **Оның аты-...(өрік** Бір сабақта көп түйме Жей алмайсың көк күйде Санап қара қанша **Оның аты-...(шие)** Бұтақта ілініп тұрамын, Піскенде себетке құладым.(Жеміс) **2Құрлымдалған ойын:** «Бақшада ма бақтама» -Бақшада нелер өседі, бақта нелер өседі? Бізге қандай пайдасы бар? Дәрумендер береді. **3.Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді.** Амандасу. Балалардан көмек сұрайды.Дәрігердің жазған қағазын жоғал-тып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші? **Сұрақтар ілмегі.** Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз? -Жемістер мен көкөністерден	

Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму карта-сына сәйкес жеке жұмыс	Вариативтік бөлім Музыка. Тақырыбы: «Ана өмір шырағы».	**Картотека № 16** **«Айырмашылығын тап»** **Мақсаты:** Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету	**Картотека № 20** **Кеңістікті бағдарлау.** **Мақсаты:** балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуді үйрету.	Вариативтік бөлім Ментальді арифметика логикалық ойындар. Тақырыбы: «Тез ойла,ойна»	Вариативтік бөлім Сурет. Тақырыбы: «Қыстағы шуақты түн».
	МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН				
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Картотека № 8** **Адамдардың қысқы еңбегі.** **Мақсаты:** Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру	**Картотека № 11** **Боранды бақылау.** **Мақсаты:** Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.	**Картотека № 19** **Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.** **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.	**Картотека № 17** **Адамдардың қысқы киімін бақылау.** **Мақсаты:** Қысқы киім үлгісімен таныстыру. Атауларын дұрыс айтуға үйрету.	**Серуен №14** **Транспортты бақылау. Мақсаты:** көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру.
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.	Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру

ЦИКЛОГРАММА
I апта Наурыз 2022ж
Мектепалды даярлық « Балауса»тобы

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Тақырыпша: «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.02	Сейсенбі 01.03	Сәрсенбі 02.03	Бейсенбі 03.03	Жұма 04.03
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен аман-дасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 8** **«Бұл қандай құс?»** **Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу**.**	**Картотека № 13** **«Жол әліппесі» Мақсаты:** балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру	**Картотека №-19** **«Суретші қай жерде қателесті?»** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.	**Картотека № 14** **«Қайда не өседі?»** **Мақсаты:** Заттардың арасында кеңістік байланыстарын қоя білу дағдыларын дамыту	**Карточка №15** **«Аңдарды қоректендір»** **Мақсаты:** 1саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.
	ТАНЫМ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ				
Таңертеңгі гимнастика	**Наурыз айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген** **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.**				
Таңғы ас	**Сауықтыру шаралары:** Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру.Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	**ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.** Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Бесік жыры» **Мақсаты:** Шағын әңгімелер құрастырып, ойында әдеби бейнелерді қолданады**.** **Оқу қызметінің барысы:** Жағымды психологиялық	**1.Денешынықтыру** « Жүгіру барысында бір саптан 3 қатарға сапқа тұру» Нысандардың үстінен жүгіруді қайталаңыз; доппен ойын	**1.Денешынықтыру** « Жүгіру барысында бір саптан 3 қатарға сапқа тұру» Нысандардың үстінен жүгіруді қайталаңыз; доппен ойын	**1. Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы: Я дыбысы және әрпі. Ю дыбысы және әрпі.** **Мақсаты:** Балаларға я, ю дыбыстары және әріптерімен таныстыру. Я,	**1.Денешынықтыру.** « Жүгіру барысында бір саптан 3 қатарға сапқа тұру» Нысандардың үстінен жүгіруді қайталаңыз; доппен

тері	ахуал орнату. **«Жүректен жүрекке» тренингісі** бойынша «Шаттық»шеңберін құрып,бір-біріне жақсы тілек тілектерін айтады. **Ой шақыру.** **Балалармен әңгімелесу.** Балалар қазір жылдың қай мезгілі? — Көктем айларын атаңдаршы? **Мнемотехника** «Көктем» мезгілі. Балалардың жауаптары. **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Почташы хат әкелу. Хатты оқу. Балалар хатта ауылдағы әже қонаққа шақырып жатыр.немересін бесікке салайын деп жатыр екен. Сиқырлы кілемшемен әже ауылына бару. Әже балаларды қарсы алады. **Ой дамыту.** Бесік , бесік жыры туралы әңгімелейді. Балаларға бесіктің ағаштан жасалға-нын балаларға көрсетеді. **Бесікке салу.** Бесік – қасиет-ті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу елдегі жолы үлкен, тәрбиелі, өнегелі әжелерге тапсырылады. **Шілдехана** – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық,той. Жастар жиналып, ән салып, домбыра тартып, өлең-жыр айтады. Сол күні баланы	жаттығуларында қимылдардың дәлдігі менептілігін дамыту; жүгіру және тепе-теңдік жаттығулары. Колоннада бір-бірден жүру, тәрбиешінің сигналы бойынша баулар арқылы кезекпен оң және сол аяқпен, кідіріссіз жүгіру; врасс — та жүру, тәрбиешінің сигналына: "Тоқта" - тоқтау және бір аяққа, қолды белдікке тұру. Жаяу және жүгіру жаттығулары кезектеседі. Ойын:« Қаздар » Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. **2. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Г г дыбысы мен әрпі Мақсаты:Дыбыстар туралы балалардың ұғымдарын кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Г дыбысы сөздің қай буынында кездесетінін білдіру. Ойын ойнату барсында игерген білімдерін бекіту. **ҰОҚ өтілу барысы** **1.Психологиялық сәт** Достық туралы әңгімелеп, балалардың қолына гүл шоқтарын ұсынып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтқызу.	жаттығуларында қимылдардың дәлдігі менептілігін дамыту; жүгіру және тепе-теңдік жаттығулары. Колоннада бір-бірден жүру, тәрбиешінің сигналы бойынша баулар арқылы кезекпен оң және сол аяқпен, кідіріссіз жүгіру; врасс — та жүру, тәрбиешінің сигналына: "Тоқта" - тоқтау және бір аяққа, қолды белдікке тұру. Жаяу және жүгіру жаттығулары кезектеседі. Ойын:« Қаздар » Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. **2.Математика негіздері.** **Тақырыбы:** Логикалық тапсырма **Мақсаты :** Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру. **Оқу қызметінің барысы:** Балалардан жыл мезгілін сұрау. **Сұрақ-жауап** Балалар айтыңдаршы математика оқу қызметінде біз не істейміз? Немен танысамыз?	ю дыбыстарының қосарлы дауысты дыбыс-тар екенін мысалдар келтірту арқылы түсіндіру. **ҰОҚ өтілу барысы** **Ынтымақтастық атмосферасын орнату:**Біз мектепке барамыз, Өнер-білім көп оқып, Білімнен бақыт табамыз. Өсе берсін санамыз Қызығушылықты ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс. «Қоянның ормандағы саяхаты. Өз үйіне оралу үшін Қоянға көмектесу». Балаларды түстер арқылы топқа бөлу. Слайд **«Кірпінің тапсырмасы»:** **1. «Ой қозғау».** **Сұрақ-жауап арқылы жұмыс:** 1-топ: - Дыбыс дегеніміз не? Әріп дегеніміз не? 2-топ: - Дыбыстар неше түрге бөлінеді? 3-топ: - Дауысты және дауыссыз дыбыстардың айырмашылығы неде? П/Ж ойын: «Кім тапқыр?» Қоян сөзінде біз естімеген қандай дыбыс түр? -Я қандай дыбыс? Оның басқа дыбыстардан қандай айырмашылығы бар? Түсінік беру. **2.Слайд:«Түлкінің тапсырмасы». Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып айтып бер:** **1-топ:** Са –я, А-з, Қи – р.	ойын жаттығуларында қимылдардың дәлдігі менептілігін дамыту; жүгіру және тепе-теңдік жаттығулары. Колоннада бір-бірден жүру, тәрбиешінің сигналы бойынша баулар арқылы кезекпен оң және сол аяқпен, кідіріссіз жүгіру; врасс — та жүру, тәрбиешінің сигналына: "Тоқта" - тоқтау және бір аяққа, қолды белдікке тұру. Жаяу және жүгіру жаттығулары кезектеседі. Ойын:« Қаздар » Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. **2.Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Әжемнің сандығы» **Мақсаты:** мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Есілген ермексазбен әшекей бұйымдарын жасату **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** **Шаттық шеңбері:**

	шілде суына шомылдырып, суға сыңғырлаған тиындар салады, балаға денсаулықпен бірге байлық та тілейді. **Сергіту сәті:** Бала, балақан, Қане қайсы алақан Саусақтарың әйбәт, Былай – былай ойнат. **Ойын: «Бөпені бесікке бөлейміз»** Баланы бесікке салып, бөлеп үстіне жапқыштарын жабады. Бесікті тербетіп отырып әжей әндетеді. **«Бесік жыры»** Әлди, әлди бөпешім, Әлпештеген көкешім. Тербетейін жата ғой, Тәтті ұйқыға бата ғой. Әлди, әлди бөпешім, Сендей сәби жоқ, көкешім, Атам, әжем дейсің бе? Тілің тәтті бөпешім. Әжемен қоштасып балабақшаға оралу. **Сөздік жұмыс.** бала, бесікке бөлеу, атаның бата беруі, той, балаңыздың бауы берік болсын. **Қорытынды.** Балалар біз сиқырлы кілемшемен қайда бардық? Әжей немересіне қандай	**Ой дамыту** **2.Топқа бөлу.** Жұлдыз , ай, күн суреттері арқылы 3 топқа бөлінейік. **1-топ “Балауса”** **2-топ “Зерек”** **3-топ “Алғыр”.** **2. Ой қозғау.** Топпен жұмыс. **1-топтапсырма** -Өткенде қандай дыбыспен таныстық?Ү -Ол қандай дыбыс? дауысты -Дыбыс дегеніміз не? -Әріп дегеніміз не? -Буын неден құралады? дыбыстан құралады, әріппен таңбаланып жазылады -Сөз неден құралады? буыннан -Сөйлем неден құралады? сөзден Сөйлемнен не құралады? мәтін **2-топ Буыннан сөз құрау** Кү, міс, кү, ріш, түл,кі, жү-зік, үй-рек **3-топтапсырма.** Жалпы дыбыстар нешеге бөлінеді ?- 2-ге, дауысты, дауыссыз 2. Дыбысты не істейміз?- естиміз, айтамыз. 3. Әріпті не істейміз?- көреміз, жазамыз 4. Әріптерден не құралады?- сөз 5. Сөзден не құралады?- сөйлем 6. Сөйлем қандай әріппен	Балалар қалай ойлайсыңдар дүниеде нені санауға болмайды? (Жаңбыр тамшысын, жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын.) Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба? Ендеше бір жылда неше ай бар? Кәне төрт мезгілді атап беріндерші? **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген . **1-тапсырма.** Қызықты тапсырма. 1.Үйге кіргенде не ашылады... 2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді... 3. Ұйықтаған кезде не көреміз... 4.Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды... 5. Қандай тас өзенде болмайды... 6. Жабық көзбен не көруге болады. **2 тапсырма.** **Дидактикалық ойын:** «Апта күндерін ата». -Бір аптада неше күн бар? -Атап беріндерші. Балабақшаға неше күн барамыз? Неше күн демаламыз? Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні? Ал кеше аптаның қай күні болды?	**2-топ:** Ү немесе і; **3-топ:** П немесе б; 4-топ: Ы немесе і; 5-топ: К немесе г. **3. Слайд:** «Қасқырдың тапсырмасы».Өткен сабақты бекіту. **АҚТ тапсырма орындау, тексеру:** - Я дыбысы туралы не білдік? **П/Ж ойын: «Сөз ойла ,тез ойла»** Я дыбысынан келетін сөздер айту. Тақия, саябақ, бояу, сия, пияз, аяқ, ұя Суреттерге қарап, атауында я әрпі бар сөздерді ата. **Слайд:«Аққудың тапсырмасы». Жұмбақ шешу:** Орманнан, жалпақ даладан Кіп-кішкене арадан Бал іздеп бір аң жортады. Үп-үлкен боп қорқады.Аю **АҚТ тех жұмыс. Слайд Ю дыбысы мен әрпін таныстыру.** - Ю әрпін көрсету: баспа және жазба түрі. - Ю дыбысын артикуля-циясына сәйкес дұрыс дыбыстатып, айтқызу. -Ю дыбысының қосарланған дыбыс екенін түсіндіру: й + у = ю - Ю дыбысы қандай сөздерде кездеседі? - Ю–дауысты дыбыс; сөздің соңында кездеседі, й мен у-дың қосарлануынан жасалған дыбыс. **Қортынды**	Арайлап таң атты, Алтын сауле тарады. Сәлеметсің бе, жер ана, Сәлеметсің бе, көк аспан. Сәлеметсіздер ме, балалар. **Балалармен әңгімелесу.** Өте мейрімді, ақ шашты, бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды,ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Дәмді тағам, тәтті бауырсақ пісіреді. Ол кім? Балалардың жауаптары. **Қызығушылықтарын ояту.** -Балалар, бүгін біз әженің үйіне қонаққа барамыз. Бізді ұзақ жол күтіп тұр, тез жету үшін жұмбақ шешейік. **Жұмбақ шешу** 1.Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. 2.Аспаннан домалап, Көк моншақ төгілді. 3. Қанаты жоқ-ұшады, Аяғы жоқ- қашады. **Әженің үйіне келу.** Әжемізбен амандасайық -Балалар әженің үйінде қандай бағалы бұйымдар көп екен.Әже, осы бағалы бұйымдарыңызбен таныстырасызба? Әже бағалы бұйымдарымен таныстырады. -Әже осының ішінде әдемі болып көрініп тұрғаны сандық. Осы сандықты қайдан

	өлең айтып береді? Бесік қандай заттан жасалға н? Балаларды мақтап, мадақтау. **2.Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Ұлттық киім мен әшекейлер» **Мақсаты:** Балаларды ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен таныстыруды жалғастыру. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Күн сәуле шашқаның үшін рахмет! Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет! Аспан таза ауаң үшін рахмет! Ағаш көлеңкең үшін рахмет! **Сұрақ-жауап.** - Балалар бүгін аптаның қай күні? -Ал қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем айларын кім біледі? -Қазір қай ай? -Бүгін ауа-райы қандай? -Бүгін сендер балабақшаға қандай киімде келдіңдер? Балалардың жауаптары. Ал біз қай мемлекетте тұрамыз? Қазақстанда қандай ұлттар тұрады? **Тосын сәт.** Қуыршақ Айгүл келеді. Балаларды ұлттық киімдер көрмесінен тамашалауға шақырады. -Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер? Бұл көрмеде әртүрлі ұлттардың киімдері бар екен.	жазылады?- бас әріппен **3. Қызығушылықты ояту. Жұмбақ шешу.** Аналарға сыйлайтын, Аралар бал жинайтын. Бұл немене балалар, Үзуге адам қимайтын? Гүл Гүл-әсемдік символы.Гүлді мерекеде, қуанышта, туған күнде бір-бірімізге сыйлаймыз **Тапсырма.** **1) Топтастыру.**Әр топ берілген гүлдерді құрастыру. **2) Ой қозғау** -Гүл қайда өседі? -Онымен кімдер айналысады? **3)Г дыбысымен таныстыру** В) –Гүл сөзін буынға бөлу.Дыбыстық талдау жасау. Гүл-1буын, 3дыбыс, 3әріп, 1 дауысты, 2дауыссыз дыбыс Г-дауыссыз дыбыс.Тіл арқылы жасалады, шұғыл айтылады.(Гүл туралы слайд) Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер Қызыл гүлдер, көк гүлдер **П/Ж ойын: «Сөз ойла, тез ойла»** Гг Гг Гг Гүл Егеу Гүлнұр Ақгүл **4.Сергіту сәті (Әуен**	Ал ертең аптаның кай күні болады? Жарайсыңдар! **Сергіту сәті.** Ал, балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға,оңға түзу тұр! Солға,солға түзу тұр! Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. **3 тапсырма.** **«Ауызша есеп».** Енді балалар есеп шығарайық. 1) Әсемде бар 5 кәмпит, Әселде бар 2 кәмпит. Қоссақ 5 пен 2-ні, Қанша болар шешімі? 2) Кеше көл жағасында Жиналды 4үйрек 3-і ұшып кетті неше үйрек? 3) Алма ағаш үстінде, Он жағында 6 алма Сол жағасында 4 алма Алмаларды біз қоссақ Нешеу болар барлығы? **4 тапсырма.** **«Көршісін тап».** 1,3,4, Жарайсындар балалар! **Қорытынды.** Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.Жарайсыңдар! Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен. Балаларға сыйлықты беріп мадақтау. **3. Музыка** **Педагог жоспары бойынша**	**Сұрақ-жауап** Қандай дыбыстармен таныстық? Балаларды мадақтау. **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Киіз үй **Мақсаты:**Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:**АКТ ,слайд киіз , киіз үй құрлысы, желім қайшы,дайын киіз үй үлгісі **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Тәрбиелі баламыз, Амандасып аламыз. **Ой шақыру.** −Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?(көктем) -көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды? Көктемде қандай мейрам болады? Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады? Балалар олай болса киіз үйдің суретін Тамашалайық. **АКТ технологиясы.** Слайд. Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру. **Ой дамыту.** Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киіз үйдің бөліктерімен таныстыру. **Сергіту сәті:**	алғаныңызды, қалай жасалғанын айтып беріңізші. **Әже.**Сендерге менің сандығым ұнап қалса, өздеріңе де дәл сондай ,сандық жасауға көмектесемін. **Сандықтың жасалу жолдары көрсетіледі.** Ермексазды жұмсартып, төртбұрышты пішінге келтіреміз, бұрыштарын қырлаймыз. Өзімізге таныс шымшу әдісі арқылы сандықтың аяғын шығарамыз. Сандықтың сыртын әртүрлі геометриялық пішіндермен өрнектейміз. **Сергіту сәті:** Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. **Қорытынды.** Кәне, балалар , жасаған жұмыстарымызды ұлттық бұрыштағы көрмеге апарып қояйық. Балалардың жұмысын мадақтау . Әжемен қоштасып балабақшаға оралу. **Сұрақтар ілмегі** арқылы қорытындылау. -Сандықты неден жасайды?

	Қандай киімдер көріп тұрсыңдар? **Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. **Дидактикалық ойын.** **«Кімнің заты ажырат»** **Шарты:**Әйел адамдарға арналған заттарды қызыл түспен, ер адамдарға арналған заттарды көк түспен бойды. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау **3.Музыка** Педагог жоспары бойынша **4.Қоршаған ортамен** **Тақырыбы:**Ұлттық өнер **Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыра отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұтуға тәрбиелеуҰлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, оны құрметтеуге баулу. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбері.**	**ырғағымен)** Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қолымызды қозғалтып, Гүлдей болып жайқалам **5.Бекіту кезеңі.** **1-топ**.Ойын: “Қай әріпті жоғалттым?”Ерте...і, не..е, кере..е, се..із, е...еу. **2-топ.** Г-ден келетін суреттерді жинау **3-топ** Сөйлемді аяқта. Гүлсім гүл ... . Гүлге су ... . Гүл туралы ән ... . **Қорытындылау.** **Сұрақ-жауап** Біз бүгін қандай дыбыспен таныстық.Гүл тарату. Балалалрды мадақтау. **3. Жапсыру** **Тақырыбы:Домбыра.** **Мақсаты:**Қазақтың ұлттық аспабын (домбыраны) қиып жапсыруға үйрету . Түрлі пішіндерді қию дағдыларын бекіту. **Әдіс тәсіл:** көрсету,түсіндіру, сұрақ жауап,сергіту сәті. **Көрнекілік:** көк,ақ түсті қағаз,желім **Ұйымдастыру бөлімі.** **1. Қызығушылықты ояту. Күй тыңдату.** - Балалар, біздер қандай әуен тыңдадық? -Ол қандай аспапта	**4. Өзін өзі тану.** **Тақырыбы:**Ұлттық дәстүрім-мақтанышым. **Мақсаты:** «Мәнгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру,сұрақ-жауап. **Шаттық шеңбері.** Тәрбиеші балаларды шеңберге жинап, «Қазағымның дәстүрлері-ай» әнін бірге айтады. **1.Әңгімелесу**.Балаларға «Қазақтың салт-дәстүр лері» туралы айтып түсіндіру. **Мысалы:Тұсаукесу.** Бұл халқымыздың сәби тәй-тәйлап жүре бастаған кезде атап өтетін дәстүрлерінің бірі екенін айту. Үлкендер бұл тұсау кесер ырымын бала тез жүріп кетсін деп жасайды. Баланың тұсауын жасы үш түрлі затпен кеседі және үлкен,ауылдың бір сыйлы адамына кескізеді.Көк шөппен кесекндегі мақсаты-көк шөптей көгеріп, өсіп-өн дегені,тоқ ішекпен кескені-үнемі қарыны тоқ, молшы лық болсын,ал ала жіппен кескенде жаман іс жасама және біреудің ала жібін аттама-дегенді білдіреді.**Біздің еліміз -де көп ұлттың өкілдері тұрады.** Олардың бәрі тату-тәтті өмір сүреді. Әр ұлттық дәстүр лері,тілдері әр түрлі. Үлкендер балаларын адамгершілікке, ина	Дөңгеленіп тұрайық, Керегені қарайық Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. **Тосын сәт.** Айсұлу қонаққа келеді. Айсұлу:Балалар көктем болса келіп қалды,Наурыз мейрамы жақындап қалды. Маған киіз үй керек еді,киіз үй құрап беруге көмек сұрай келдім. Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе? **Үлгі көрсету,түсіндіру.** Балалар орындарына отырып киіз үйді құрастырып, ақ парақ бетіне жабыстырады. Балалар өздерінің жапсырған суреттерін достарымен бағалайды. Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады. Қорытынды. Балаларды мадақтау. **3. СУРЕТ** **Тақырыбы:** Оюланған кесе **Мақсаты:**Кесенің сыртындағы ою өрнекті бояуға үйрету. Қазақтың ұлттық ою-өрнекткерімен таныстыру.Ұқыпты бояуға тәрбиелеу **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қошқар мүйіз ою өрнегі,бояу,қылқалам,ерме ксаз,үлгі	-Ол сандықты не үшін қолданамыз? -Үйлеріңде сандық бар ма?

	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жадырайды жүздерің Жарқырайды тобымыз **Қызығушылықтарын ояту.** **Білмеспек келеді.** Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді. Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді.Мен ұлттық аспаптарды білмеймін. -Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім. Балалар көмектесеміз ба? **АКТ технологиясы** **Слайд.** Ұлттық аспаптар. **Домбыра, қобыз, жетігенмен таныстыру.** домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру. - Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады.Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады **Сергіту сәті:** Кәне балалар тұрайық	орындалады деп ойлайсыңдар? Балалардың жауаптары. **2.Ой қозғау.** Домбыра туралы не білеміз? Отбасыларыңызда ұлттық аспапта ойнайтын адамдар бар ма? **3.Суретпен жұмыс.** Домбыра құрлысымен таныстыру. -Домбыра үлгісін қиып жапсыруды көрсету,түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін айту. **Сергіту сәті.** Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Шебер екен он саусақ Шапалақты соққанда Ғажап екен он саусақ Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау,көмек. **П/Ж ойын: «Біздің көрме»** Балалардың жұмысын бағалау. **Қортынды** Мадақтау. **4. Орыс тілі** **Педагог жоспары бойынша**	баттылыққа,мейірімділікке тәрбиелейді. 2.**Ойын: «Үкі»** **3.Дәйексөз** жетекші балаларға «Ұлттық дәстүр-асыл мұра» деген нақыл сөзді бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді. **4.Жүректен жүрекке .** Мінеки,сондай жомарт сенің халқың. Ешқашан жоғалтпаған ата салтын. Жас ұрпақ,ойлан өзің,бір тарихтан, Қазақ болып қал, қадірле қазақ халқын. **Қорытындылау** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау.**	**Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді Үлкен менен кішіге Күн сәулесін төгеді.**«Доп лақтыру» әдісі** арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау. **Ақ әже қонаққа шақырады..** Кәне,балалар Ақ әженің үйіне қонаққа барайық. әжеге арнап тақпақ айтып берейік. **Тақпақ** Әжем өрнек салады Сырмақ сызып оюлап Басы ауыра береді Шай ішпесе қоюлап. Қолымда менің қылқалам Өрнектеп ою сала алам Өнерімді көргенде Қуанамын мәз болам. **Ой қозғау.** Ақ әже шайды неге құйып берді? Кесе деген не? **Ой дамыту.** Кесенің түрі өте көп және сыртындағы әшекейлері де әр түрлі болады. Кесені құмнан,ағаштан,қыштан,әйнектен жасайды **Дидактикалық ойын:«**өрнегіне қарай анықта» **Кесені қазақтың ұлттық ою-өрнегімен әшекейлеу.** **Сергіту сәті:** Ал балалар тұрайық Ою-өрнек сызайық, Қошқар мүйіз,қызғалдақты Сәндеп тұрып салайық.	

	аспапқа қол созайық, Қобызды да ойнайық Домбыраны да тартайық Сыбызғыны сызылтып, Билеп-билеп алайық. **Қобызбен таныстыру.** **Жетігенмен таныстыру.** **Дидактикалық ойын: «Қай аспаптың үні?»** Ойын ережесі: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар естіген әуен қай аспап үні екенін ажыратып сол аспаптыңсуретін көтереді) **Қорытынды.** Білмеспек ұлттық аспаптарымен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.			**Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** Назарларын тақтаға аудартып,кесенің түсі,өрнектері ,үлкен – кішісі туралы сұрау. Қошқар мүйіз өрнегімен кесені әшекейлету. **Балаларды өз қалауларымен екі үстелге бөліп отырғызу.** **1-үстел** Ал балалар сендер кесеге қошқар мүйіз өрнегін қиып жапсыру арқылы әшекей-леу. Қалай қию керектігін көрсету. Қауіпсіздік ережесін ескерту. **2-үстел**:балалар сендер бастыру әдісін пайдаланып кесеге қошқар мүйіз өрнегін саласыңдар.қалай сызу керектігін көрсету. (музыка қою) **П/Ж ойын: «Бізідң көрме»** Балалардың жұмысын бағалау. Әдемі,таза сызылып,қиылған кесені Ақ әжеге сыйға тарту,әже балалар-ға рахметін айтып,сыйлығын беру.балалар Ақ әжемен хоштасу. **Топқа оралу.** **Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.**	
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				

Серуен:	**Картотека №1** **Ауа райын бақылау**	**Картотека № 3** **Желді бақылау**	**Картотека № 4** **Аспанды бақылау**	**Картотека № 5** **Бұлтты бақылау**	**Картотека №11** **Ағаштарға бақылау жасау**
	КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген				
Серуеннен оралу	**Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.**				
Түскі ас	**ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	**№ 2** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	**№ 2** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	**№3** Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	**№3** Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	**№4** Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Вариативтік бөлім** **Музыка.** **Тақырыбы: «Анашым».**	**Картотека №1** «Таңғажайып алақан» Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту. **Шығармашылық картотекасы**	**Картотека №2** «Сиқырлы түстер» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойын барысында балалардың назарын және түрлі түстер мен реңктерге қызығушылығын, табиғат сұлулығын қабылдағанда қуаныш сезімін дамыту. **Шығармашылық картотекасы**	**Вариативтік бөлім** Ментальді арифметика логикалық ойындар. Тақырыбы: «Математика әлемінде».	**Вариативтік бөлім** **Сурет.** **Тақырыбы: «8 наурыз ашықхат».**
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Картотека №1** **Ауа райын бақылау**	**Картотека № 3** **Желді бақылау**	**Картотека № 4** **Аспанды бақылау**	**Картотека № 5** **Бұлтты бақылау**	**Картотека №11** **Ағаштарға бақылау жасау**
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балаларды ң үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.	Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру

ЦИКЛОГРАММА

II апта Наурыз 2022ж

Мектепалды даярлық « Балауса»тобы

Тақырыпша: «Ертегілер елінде. Театр әлемі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.03	Сейсенбі	Сәрсенбі 09.03	Бейсенбі 10.03	Жұма 11.03
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 1 «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты:** ертегі кейіпкер-лері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату		**Картотека №5 «Кім не жейді?» Мақсаты:** Логикалық ойлауды,сөйлеуді,талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту	**Картотека №6 «Апта күндері» Мақсаты:** Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету	**Картотека №8 «Бақша да ма,бау да ма?»Ойынның мақсаты:** Жемістер мен көкөністер тура-лы мағлұмат беру.
	ҚАТЫНАС САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН				
Таңертеңгі гимнастика	**Наурыз айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз**				
Таңғы ас	**Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,** Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	**ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.**				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	**1.Сөйлеуді дамыту Мнемотехника тәсілімен. Тақырыбы:** Қайдан келдің бауырсақ **Мақсаты:** Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау. Баланың сөйлеу мәнерін		**1.Денешынықтыру** «Сап түзеп жүруден бір және екі қатармен қайта тұру». Балаларды қозғалыс жылдамдығының өзгеруімен жүгіруге, заттар арасында жүруге жаттығу («жылан»); жаяу жүру кезінде дриблингті қайталаңыз, белгіленген орынға көтеріліңіз; допты қолмен құрсаумен, тепе-теңдікпен көтерілу жаттығулары.	**1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:** Ф дыбысы және әрпі. Мақсаты: Ф дыбыстары және әріптерімен таныстыру. Ф дыбыстары кездесетін сөздерге мысалдар келтірту арқылы сөздік қорларын толықтыру, осы сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрату	**1.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері Тақырыбы: «Табиғат тіршілік нәрі» Мақсаты:** Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Табиғат аясында өзін - өзі ұстау мәдениетінің дағдыларын

	қалыптастыру **Әдіс-тәсілдер:** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын **Көрнекі құралдар:** АКТ, суреттер, баурсақ **Психологиялық сәт: «Жүрек жылуы»** **Мақсаты:** Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру. **Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді **Ө.Тұрманжанов «Қайдан келдің бауырсақ?»** мнемотехника тәсілімен **Топқа бөліну** **1 – топ.** «Бауырсақ» тобы **2- топ** «Тоқаш» тобы **3- топ** «Торт» тобы Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру. **Сергіту сәті:** Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар **Ойын: «Қайдан келдің бауырсақ?»** **Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, ретімен орналастыруға үйрету. **Шарты:** Бауырсақ қайдан келгені туралы барлық суреттерді шығарып, бауырсақты домалату арқылы ойынды ойнату. **Сұрақ- жауап:**		**Артықшылықтары.** Балалар санына сәйкес шарлар, 2 гимнастикалық орындықтар, 2-4 доғалар (құрсау). 1. б.қ. .: Төменгі жағындағы қолдардағы доп. 1-2 - тұрып, допты жоғары көтеріңіз, оң аяқты саусаққа дейін артқа алу, созыңыз; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяғымен бірдей (6-7 рет). 2. б.қ.: Аяғы бөлек, доп төменде екі қолда. 1 - доп алға; 2 - денені оңға, қолды түзу бұру; Z - тура, доп алға; 4 - бастапқы қалыпқа оралу. Солға сол. Денені айналдыру кезінде аяқтарын қозғалтуға болмайды (6-8 рет). 3. б.қ.: Аяқ иық енінде, доп екі қолда төменде. 1-3 - иілу, допты бір аяғынан екінші аяғына айналдыру; - бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет). 4. б.қ.: Негізгі стенд, төмендегі екі қолдағы доп. 1 - допты жоғары көтеру; 2 - саусағыңызбен оңға, оң аяқты бүйірге қарай еңкейту; Z - түзу, доп жоғары; 4 - бастапқы қалыпқа оралу. Солға сол жақта (6-8 рет). 5. б.қ.: Отырыңыз, аяқтар бірге, доп аяғыңызда жатыр, қолдар артта тіреуде. 1-2 - аяғыңызды жоғары көтеріңіз, допты асқазанға домалатыңыз, ұстаңыз; 3-4 - бастапқы позиция (6-7 рет). 6. б.қ.: Асқазанға жатып, доп оның алдында бүгілген қолдарда. 1-2 - иілу, допты алға шығару; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу (6-7 рет). 7. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікке қол, доп еденге. Доптың	**ҰОҚ өтілу барысы.** **1.Өткен тақырыпты бекіту** - Дыбыс дегеніміз не? - Дыбысты таңбалап жазсақ не болады? - Дыбыстар айтылуына қарай нешеге бөлінеді? **2.Ой дамыту.** **Қрлымдалған ойын:«Әріптер әлемі»** **Шарты:** өткен әріптерді пысықтап олармен сөз, сөйлем ойлату. ю, в. ою, вокзал. Әжем ою ойды. Вокзал үлкен және әдемі. **Жаңа тақырып** **3.Қызығушылықты ояту.** **Жұмбақ жасыру.** Қыста дем алып, жазда тынбайды, Көкке атылып, жерге құлайды. **(фонтан)** Өңкей сығай екі топта, Таласып жүр бір допқа. **(футболшы)** - Фонтан, футболшы сөздері қандай дыбыстан басталған? - Ф дыбысынан - Ендеше біз бүгінгі сабағымызда Ф дыбысымен және әрпімен танысамыз. **Ф Бұл - дауыссыз дыбыс. Себебі созылып айтылмайды.** Айтылуына қарай қатаң дауыссыз дыбыс. Орыс тілінен енген дыбыс Ф дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: үстіңгі ерін сәл көтеріңкі қалыпта болады да тіске тимейді, иек сәл төмендейді, астыңғы	қалыптастыру. **Көрнекі құралдар:** әуен, ағаштардың макеті, жанған орман, саңырауқұлақ, емен жаңғақтары, кірпілер. **ҰОҚ өтілу барысы** **Шаттық шеңбер:** Шеңбер болып тұрайық. Алақанды ашайық, Күнің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық Жүрекке жылу салайық Мейірімділік нұрын алайық Табиғатқа саяхат. **2.Ой қозғау.** Өзін ұстау ережелері – правила поведения. -Шуламау. -Ағаштардың бұтақтарын сындырма; -Гүлдерді жұлма; -Саңырауқұлақтарды баспа; - От жақпа; -Жалғыз баруға болмаиды. -Жүгіруге болмайды. -Асығуға болмайды. **Баяу әуен ойнайды. Орманға да келдік** балар жан –жаққа назар аударайықшы табиғат қандай керемет, қазір көктем мезгілі. Балалар, қарандаршы мынау кірпінің ізі ғой. Балалар, қарандаршы мына жерде суреттер

	Қандай өлеңді тыңдадыңдар? Бауырсақты қалай жасаймыз? **ҰОҚ қорытындылау. Балаларды мадақтау** **2.Жаратылыстану.** **Тақырыбы**:Театр әлемі **Мақсаты:** Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Е.Өтетілеуұлы 1. Театр туралы түсінік беру. Театр дегеніміз не? Театр түрлерімен таныстыру. Онда жұмыс жасайтын адамдарды кімдер дейміз? Олар не істейді? 2.**Сурет бойынша әңгіме.** Сұрақ – жауап. 3. Бет перделермен таныстыру. Олардың қызметі туралы түсіндіру. Саусақ театрымен таныстыру. Қолға кигізіп, сөйлеу мәнерін үйрету. **Сергіту сәті.** «Театр» ойынымен аяқтау. Әр түрлі бет перделер киіп қимылдар көрсету. **3.Музыка** **Педагог жоспары**		айналасында оңға және солға секіру. 3-4 рет қайталаңыз. **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:** 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру. **Мақсаты**: Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту; көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту; бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** **Шаттық шеңбер.** Қуан, шаттан! Алақай! Қуанатын күн келді! Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты күн бүгін. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем. - Көктем мезгілінде неше ай бар? - 3 ай. Наурыз, сәуір, мамыр. **«Тыңда, сана, көрсет» ойын-жаттығуы.** -Балалар, үстелдеріңде цифрлар жатыр. Мен қол шапалақтаймын, ал сендер мұқият тыңдап, соған сәйкес цифрды көрсетіңдер. 1ден-5 ке дейінгі сандар. **Тосын сәт. Қоян келеді.** Қоян: Сәлематсыздар ма, балалар! Балалар қоянмен амандасады. Сәлематсыз ба қоян, көңілдісің ғой? Қоян: Ия балалар бүгін менің туған күнім, маған қасқыр сыйлық берді. Сыйлығыңды бізге көрсетесің	еріннің ішкі жағы үстіңгі тіске жанасады. Тіл ауыз қуысында еркін жатып, дем үстіңгі тіспен астыңғы ерін арқылы дауыс қосыла шықса Ф дыбысы жасалады. - Ф дыбысын хормен айту. - Қандай дыбыс? - Дауыссыз дыбыс - Қандай текшемен белгілейміз? - Көк дөңгелекшемен Тақтамен жұмыс. (Суретпен жұмыс жүргізу) - тақтаға назар аударту. Мынау Ф әрпінің баспа түрі. Оны оқулықтардан, газет, журналдардан көреміз. Ал жазба түрін жазу жазғанда қолданамыз. 4.Ой қозғау. - Мынау не? - Фонарь (дыбыстық талдау жасау) - Буынға бөлеміз, неше буын бар? фо - нарь - Екі буын демек неше дауысты дыбыс бар екен? - Екі дауысты дыбыс бар. - Суретке назар аударайық. Кімдерді көріп тұрсыңдар? - Балаларды. Олар қандай ойын ойнап жүр? - Футбол - Футбол сөзін буынға бөлу. Фут - бол - Неше буын бар? - Ф дыбыс сөздің қай буынында айтылады? - Футбол ойыны туралы не білесіңдер? Ф дыбысы сөздердің қай жерінде келеді?	жатыр, сірә кірпі мына суреттерді бізге тығып кеткен болар. **Ой дамыту** **Суретпен жұмыс.** Тәрбиеші суреттерді тақтаға іліп әңгімелейді. **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі. - Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардын барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді **Ойын: «Жалғасын тап»** Жансыз табиғат - .... Жанды табиғат - .... Жанды табиғат жансыз табиғатсыз .... (тіршілік ете алмайды) Балалар, бәріміз топқа қаитатын кез келді. Бір, екі, үш, төрт, бес, Аяқты басамыз тез тез... **Қортынды «Экологиялық бағдаршам»**

	бойынша **4.Құрастыру** **Тақырыбы:** Ертегі көбелектері **Мақсаты:** Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып көбелек құрастыру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті көбелектер, желім. Түрлі түсті қағаз, ермексаз. **Оқу қызметінің барысы:** - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінде неше ай бар? - Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады**?** **Достық шеңбері** Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан **Ширату әдісі.** **Жұмбақ жасыру.** **.**Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. Ол не? **Ой қозғау.** Көбелектер қандай болады? Көбелектердің түр-түсін ажырата білеміз бе? **Дидактикалық ойын:** «Түстеріне қарай жина». **Ойын шарты:** Балалар көбелектерді түстеріне қарай топтастырады. **Шығармашылық орталығы** **Балаларды 3 топқа**		бе? Қасқыр саған не сыйлады екен? Қоян: Білмедім? Ендеше сыйлықты бірге ашып көрейік. Қоян: Ой балалар мына қораптың ішінде дым жоқ қой! Сонда мені қасқыр алдағаны ма? Қоян тоқта ренжіме қораптың ішінде хат жатыр. Хатты ашып көрейік. Қоян қасқыр саған тапсырмалар беріпті сол тапсырманы орындасаң сыйлығыңды табасың депті. Қоян: Қандай тапсырма? Қоян: Ооооой, балалар тапсырманы орындауға маған көмектесесіңдер ме? Балалар қоянға көмектесеміз бе? **1 тапсырма: «Сан қатары»** Балаларға жеке карточкалар таратылып беріледі. 0....2....4 .....1.....3.....5 5....3....1.... .....4.....2.....0 **2 - тапсырма: «Қай пішінге ұқсас?»** Жеке карточкаларда заттардың суреттері беріледі. Жанындағы бос төркөзге қай пішінге ұқсас екенін салып көрсетеді. **Сергіту сәті:** Кел санайық, екеуміз. Бас бармағым - папам, Балаң үйрек - апам. Ортан терек - ағам Шылдыр шүмек - мен Титтей бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **3 - тапсырма:** Екі қаз ұшып барады, Биіктен төмен қарады. Аяқ нешеу, бас нешеу?	Басында, ортасында, аяғында келеді, демек барлық буындарда айтылады. Ф орыс тілінен енген әріп, сондықтанда қазақша сөздерде қолданылмайды. Сергіту сәті: Көбелек тұрды ертемен, Күлімсіреп керілді, 1 - шықпен бетін жуды, 2 - шыр айналып бұрылды, 3 - еңкейіп жерге жетті, 4 - дегенде ұшып кетті. 5.**Шығармашылық тапсырма.** 1 топ «Сөз ойла, тез ойла» (берілген әріптерден сөздер ойлау, жазу.) 2 топ «Адасқан буындар» (берілген буындардан сөздер құрау) 3 топ «Қай әріпті жоғалттым?» (көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою.) 4 топ «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» (берілген суреттерге сөйлем құрау.) **Қорытынды.** - Не үйрендік? Не білдік? - Қандай дыбыспен, әріппен таныстыңдар? - Ф дыбысы қандай дыбыс? **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Орман дәрігері.Ертегі. **Мақсаты:**Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың	**дидактикалық ойыны.** Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзуға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйм салынғанын аитады. Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс. Балаларды мадақтау. **2.Мүсіндеу.** **Тақырыбы:** "Күн мен бұлт" **Мақсаты:**Күн мен бұлт туралы түсін-діре отырып, табиғат құбылыстары туралы айту. Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін түсіндіру. **ҰОҚ өтілу барысы:** **1.Шаттық шеңбер** Нұр құшып әлемді, Арайланып таң атты! Жарқыраған күніміз, Жер мен көкті оятты! **2.Миға шабуыл** Жұмбақ жасыру. Жұрттың бәрі сүйеді, Бірақ қарай алмайды. **(күн)**

	бөлеміз. **1-топ.Сары көбелектер** бүктеу әдісі арқылы көбелек жасайды.  **2-топ.Қызыл көбелектер.** Түрлі-түсті қағаздан көбелекті қиып, жапсырады. **3-топ . Жасыл көбелектер.** Ермексазбен есу, шымшу арқылы көбелекті мүсіндейді. Балалардың өз бетінше жұмыстыры. Жеке көмек. **Сергіту сәті.** Бейнетаспадан қарап сергіту. Жұмыстарыңды ары қарай жалғастырады. Балалар жұмысын қадағалау, талдау жасау**.** **Галерея шарлау әдісі.** Бас бармақ әдісімен бағалау. Мадақтау.		Жауабын кім табады? **-Алма бағы жайнаған,** Қызыл алма айналам. Алдым үзіп екеуін, Тағы да алдым екеуін, Алдым сонда нешеуін? Балаларды мадақтау. **Д\о: «Қандай цифр көріп тұрсыңдар».**  **4-тапсырма. Айырмашылығын тап.** Балалар қараңдаршы, мысықтарды мұқият қарап, айырмашылығын табуды сұрайды. Балалар қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салуы қажет. -Неше айырмашылық таптыңдар және дөңгелек салдыңдар? Балалар тапсырманы орындап,сұрақтарға жауап береді. **Қорытынды.** **«Математикалық жұмбақтар» ойыны арқылы қорытындылау.** -Екі мысықтың құйрығы нешеу? -Қоянның неше құйрығы бар? -Екі балада неше құлақ бар? -Екі күшіктің мұрны нешеу? -Үш сиырдың басы нешеу?	ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.** **І.Шаттық шеңбері.** **«Кел,балалар күлейік»** **Ө.Тұрманжанов.** Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! **ІІ.Қызығушылықты ояту.** **Жұмбақ жасыру.** Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі. Көрік берген далама, Білер оны бар бала. **(Ағаштар)** **Сұрақ – жауап.** **1. Ой қозғау.** Ағаштар және орман туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. -Қазір қандай мезгіл? -Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр? -Ағаштар бізге не үшін қажет? -Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? -Неге ну орман дейміз? **2. Ой дамыту.** -Ертегіні мәнерлеп оқу. -Ертегі желісін түсіндіру. -Терек қандай ағаш? -Неліктен ауырды? -Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді? -Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру. **Сөздік жұмыс:** Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады. Сергіту сәті. «Қазым, қазым қаңқылда» **3. Миға шабуыл.** -Ертегі желісінен сұрақ –	Көзі жасты, Тұра қашты.**(бұлт)** 3.Әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру. 1.Дайын көк түсті қатырмақағазда күн мен бұлттың суреті. 2.Ақ және сары түсті ермексаздың кесегін жұмсартамыз. 3.Түстеріне қарай қатырмағазға жабыстыра бастырамыз. **Сергіту сәті: «Аю әні»**(ноутбуктан бейнеролик корсету арқылы сергіту жатты ғуын жасайды) **Балалардың өз бетінше жұмысы.** Қадағалау, көмектесу. **П/Ж ойын: «Біздің көрме»** Балалардың жұмысын бағалау. Қортынды. Балаларды мадақтау

			Жарайсыңдар! Қоянға көп көмек көрсеттіңдер. Қасқырдың тапсырмаларын орындап қоянның сыйлығын тауып бердіңдер. Өздеріңнің ойларыңды, тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер. Мадақтау. **3.Музыка** **Педагог жоспары бойынша** **4. Өзін-өзі тану.** **Тақырыбы: Нағыз дос** **Мақсаты:** Балаларға достық, мейірімділік, сыйластық туралы түсінік беру. **Ұйымдастыру кезеңі** **Шаттық шеңбер** Мен үлгілі баламын, Айтқан тілді аламын. «Жина,- десе, - ойыншықты», Өзім жинап қоямын. Ініме де көмекке Бірінші боп барамын. Төсекті өзім жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Айтқан тілді аламын, Мен үлгілі баламын. Сұрақ-жауап. **Ой дамыту.** – Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз? – Біздің арамызда үлгілі бала бар ма? – Кімнің үлгілі бала болғысы келеді? – Ол үшін не істеу керек? – Өздерің үлгі алатын аға, әпкелерің бар ма? – Олардың қандай қасиетін үлгі тұтуға болады? Балалар достарының арасынан	жауап. Қортынды **Викториналық сұрақтар:** Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . (Әтеш) Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш) Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек) Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін) Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек) Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт) Құстың негізгі мекені? (Ұя) Балаларды мадақтау. **3.Сурет салу** **Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс)** **Мақсаты:**Алақанмен сурет салу қабілеттерін бекіту. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйрету. Күн шуағын әсем бейнелей отырып, табиғатты аялау тәрбиелеу. **Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев** Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. **II.Қызығушылықтарын ояту.** Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) **2.1Ой дамыту** **-Күн туралы түсінік беру.** - Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? - Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу , су,ауа.	

			үлгілі балаға лайықтыларды атайды. **Ой қозғау. Әңгіме** **«Нағыз дос»** Ерлан мен Дидар жақын достар, олар көрші тұрады, ата-аналары да бір-бірін жақсы таниды.Екеуі кішкентай кездерінен бірге ойнайды, бірге серуендейді. Бірде серуеннен келе жатқан екеуініңалдынан үлкен ит шығып, Ерланға бас салды. **Педагог:** - Балалар Ерлан мен Дидардың оқиғасын өз ойларыңмен жалғастырыңдар, әрі қарай не болды деп ойлайсыңдар? Оқиға немен аяқталуы мүмкін? - Дидардың орнында болсаң, сен не істер едің? Балалардың жауабы..... **Ой қозғау** **1-тапсырма.** **Суретпен жұмыс.** Өзіңе ұнаған суретті таңда. Суретке әңгіме құрастыр. Балаларға ат қой. Қай баладан үлгі алуға болатынын айт. Бірінші суреттегі бала не істеп жатыр?Ол қандай бала? Гүлдің қандай пайдасы бар? Аулада өсетін гүлдерді қандай гүлдер дейміз?Тағы қайда өсетін гүлдерді білесің? Екінші суретте не көріп тұрмыз? Қыз не істеп жатыр? Атаға кім орын берді, ол қандай іс жасады?Қыз не оқып отыр? Ал сендер кішіге қамқор бола білесіңдер ме? Дидактикалық ойын: «Қарама-	–Олар жылуды қайдан алады. – Күннің шуағы деген не? **2.Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсетуДид ойын: «Қандай түс»**3. Ұжымдық жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу **Саусақ жаттығуы:** **«Дос болайық»** Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз. **Сергіту сәті:** **«Біз кішкентай баламыз»** Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. Қарлығаш боп ұшамыз, 1-2-3 өсеміз де, толамыз. **Дид ойын: «Біздің көрме»** **Балалардың жұмысын мадақтау.**	

			қарсы сөзді айт». Ойынның шарты: Педагог допты кез келген балаға лақтырып, бір сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөзге қарама-қарсы сөз айтып, допты кері лақтыруы керек. **Мысалы:** Жина - шаш Ақылды - ақымақ Ұзын - қысқа Тәртіпті - тәртіпсіз Ұқыпты - ұқыпсыз Пысық - жалқау Жаман - жақсы Ыстық - суық Жат - тұр Қатты - жұмсақ **Сергіту жаттығуы:** Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біз үлгілі баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. **2-тапсырма.** Суретке қарап әңгіме құра, қайбаладан үлгі алуға болады?Үйге келген соң аналары не істейді деп ойлайсың?Қайсысының анасы қандай көңіл күйде болады? **Сөздік жұмыс:** Мұнтаздай – кіршіксіз, тап-таза. **3-тапсырма.** Мақалдардың мағынасын түсініп ал: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Жақсы болу өз қолыңда. Педагог мақалдың мағынасын		

			сұрайды, түсіндіреді. Балаларға қайталата отырып жаттады. **Қортынды** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау.**		
Серуенге дайындық	**Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Қыс мезгілінде күннің салқын, аяз болатынын түсіндіру.** **Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен:	**Картотека №18** **Құстардың ұшып келуін бақылау**	**.**	**Картотека №14** **Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.**	**Картотека №11** **Ағаштарға бақылау жасау**	**Картотека № 6** **Қардың алғашқы еруін бақылау**
	КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.				
Серуеннен оралу	**Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.**				
Түскі ас	**ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз**				
Ұйқы	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				
